



Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал

Бұл ұсыныс Президентіміз Н.Назарбаевтың “Мәдени мұра” бағдарламасымен тікелей жалғасып жатқандығы ескеріліп, Отырар кітапханасының жаңа ғимаратының жобасын дайындау, құрылыс ауқымын белгілеу, республикалық тендер жариялауды ұйымдастыру, оны келесі жылдың бюджетіне енгізудің мүмкіндігін қарастыру туралы сол кездегі Премьер-министр И.Тасмағамбетовтің 2003 жылғы 22 қаңтар күнгі Өкімі берілген болатын.

Осыдан кейін Үкіметтің ауысуына байланысты бұл мәселе біраз уақыт тоқтап қалды. Қазір қайта қолға алынып, арнайы ғимарат салу мәселесі Үкімет кеңесі мен Білім және ғылым министрі Жақсылық Күлекеевтің тарапынан қолдау тауып отыр. Алайда, ресми мекемелерде “Күлтөбеден күмбез тұрғызып, күлеміштен кітап жасамақ. Оның ешқандай ғылыми дәйектемесі жоқ”, – деген пікір қалыптастырып жүргендер бар. Шын мәнінде көне Отырар кітапханасы көшпелілер әлемінде “екінші даналық үйі” болғанына қытай саяхатшысы Лу-Цзиннің: “Отырардың даңқы шарапханасымен емес, мейманханасымен емес, әйгілі кітапханасымен шықты”, – деген пікірі дәлел бола алады.



Дүкенбай ДОСЖАН,

*Қазақстан
Мемлекеттік және
М.Әуезов атындағы
сыйлықтардың лауреаты*

Таяуда төрткүл дүниедегі мәдени мұраға, рухани игілікке жанашырлық танытып, ұлт пен ұлыс тарихының айнасындай болған небір ғажайыптарды көздің қарашығындай сақтап, түймедей нәрсесін түйедей етіп жалпақ әлемге жар салып жүрген мәртебелі ЮНЕСКО мәжілісі болып өтті. “Сол мәжілісте өзімнің көптен көкейімде жүрген ұлы арманымды ортаға салдым. Ол арман-бабалар бастан кешкен бағзы заманда дүниеге мәлім Александрия кітапханасынан кейін екінші орын алған ғажайып Отырар кітапханасын қалпына келтіру еді”, – дейді Иманғали Нұрғалиұлы. Әрине, бір заманда Шыңғыс

Еуразия кеңістігіндегі екі өркениеттің көпірі міндетін атқарған Отырар кітапханасының тарихи миссиясы мен маңызы қатардағы кітапханадан жоғары. Президентіміз де теле-радио тілшілеріне берген сұхбатында (2001, мамыр) және Еуразия ұлттық университетінің жаңа оқу ғимаратының ашылу салтанатына келген (2003, наурыз) кезінде ұйымдастырылған сирек қолжазбалар мен құнды кітаптардың көрмесімен танысу барысында да қолдау білдірді. Қазақстанның көрнекті мемлекет, қоғам, ғылым, мәдениет, әдебиет қайраткерлерінің Үндеуі “Егемен Қазақстан” мен “Қазақ әдебиеті” газеттерінде жарияланды. Орталықтың мақсаты мен міндеті Елбасының Қазақстан халқына Жолдауындағы “Мәдени мұра” бағдарламасымен толық үндесіп жатыр. Сондықтан да, Жолдауда көрсетілгеніндей, бас қаламыздың рухани-ұлттық нысанасы болатындай арнайы ғимарат салынуы ұлтымыздың рухани өміріндегі маңызды оқиға болмақ деп есептеймін. Мұндай игі қадамды қалың қауым да қостайды деп сенемін.



хан түмендері өртеген, Қайырхан жер астына тықтырған асыл кітаптар, қолжазбалар – мәңгілік өкінішіміз. Әйтсе де Отырар кітапханасының рухын ұрпағына қайтаруымыз керек секілді.

Отырар кітапханасы қалпына келсе – 1500 жылдан астам тарихы бар қазақ ұлтының рухани, мәдени ордасының алтын уығы қайыра шаншылып, күлдіреуішті шанырағының аспандап биіктегені; ізі көмескілене бастаған “Тұран өркениеті” деп аталатын жетінші өркениет ошағының білте шамының лап етіп қайта шалқи жанғаны деп білейік.

Әңгімені әу бастан түкпірлесек, шаршы дүниеге әйгілі Александрия кітапханасы туралы бір ауыз сөз.

Тұрақжайы – Мысыр еліндегі Александрия мүйісі. Тасқа басып кітап шығару үрдісі басталмай тұрған заманда, біздің дәуірімізге дейінгі III ғасыр көлемінде “Александрия кітапханасы” деген атпен қолжазба кітаптардың аса бір қызық мекен-жайы дүниеге келді. “Библион” деген латын сөзінен бастау алған бұл ұғым “кітап пен сақтаушы” деген ортақ мағынаға табан тіреп, рухани, яғни жанның тамағы ретінде адами рухқа өз қызметін бастаған еді. Пірғауындар билік құрған мезгілде осынау қасиетті орында жүз мыңнан – жеті жүз мыңға дейін қолжазба сақтиян-кітаптар, ширатпа папирус, тас, тактадағы сына жазу, балбал тасқа, ыдысқа өрнектеген күнтізбелер, шежірелер жинақталған. Кітапхананың үлкен бөлігі біздің заманымызға дейінгі 47 жылы өрт жалынына жұтылды, қалғаны біздің дәуіріміздің 391 жылы жыртылып желге ұшты, үшінші рет кітапхана қалдығы VII ғасыр аяғында талан-таражға түсіп жоғалды. Әйгілі Александрия поэзиясы, яғни, эллин жырының алыптары Каллимах, Феокрит, Аполлоний Родосский өздерінің тамаша інжу-маржан өлеңдерін, ойды тұспал, әрі мегзеумен астарлап берудің ғажайып үлгісін сына жазулар мектебінен үйреніп, шабыт шақырғаны баршаға мәлім.

Әлемге әйгілі кітапхананы қайта қалпына келтіру ісіне таяуда ЮНЕСКО үн көтерді. Дүниенің әр киырында ізгі ниетті ғұлама, кеудесінің оты бар зиялы қауым, мәдениет орталықтары әлгі үнге елп етіп құлақ асып, елеңдесіп қалды. Кітапхананы қайта тірілту жолына арнадык деп өздерінің бағалы кітаптарын, білігін, білімін бөлісуге, қаржылай жәрдем жасауға білек сыбанып кірісіп кетті. Қайнаған қазанның оттан түскені секілді өркениеттің өміршеңдігі деп осыны айт! Жарық әлемдегі жеті кереметтің бірі, иншалла, тағдыр бұйыртса, енді аз жылда қайта тірілмекші!

Әл-Фараби бабамыздың сөзімен айтсақ: Александрия кітапханасынан кейінгі екінші орынды нық иемденген, халықтың мәңгілік жадын, тірі сөзін сарғыш парактарына сіңірген Отырар кітапханасы да әлгідей қасіретті кепті басынан кешірді.

Шыңғыс хан түмендері жойған, бүгінде ұмытылуға айналған Отырар кітапханасы туралы там-тұмдаған тарихи деректерді оқырман қауымның есіне сала кетелік.

Ерте замандағы Отырар кітапханасын бірпәс көзге елестету үшін XX ғасыр басында Каир кітапханасынан орыс ғұламасы А.Ю.Якубовский тауып, жазып алған Хисамеддин ақынның төмендегі өлең жолдарын келтірсек те жетеді. “Мұнда көп кітап жазған ақын туған, мұнда “Негіздерді” талдаған ғалым тұрған (Әбунәсір әл-Фарабиді мегзеп отыр. – И.Т.), болса тәңірім екінші өмір қиғандай, Отырарда көз жұмар ем

киналмай; Ен даланы мекендеген еркін, ерке ел едік, жұртымызды жеті қаттың ілімімен жебедік, Дәшті-қыпшак кеңісінен көтереді күн көзін; Тамылжыған нұрға малып Отырардың күмбезін” (А.Ю.Якубовский. “Развалины Сыганака”, М., 1927г. стр.140).

Келесі бір тарихшы төмендегіше дерек келтіреді: “Қой терісімен түптеп, таспаға жазылған оғыз-қыпшак шежіресі, пірғауын папирусы, нақыл сөз ойып жазылған бабыл тас тақтасы, жауырын сүйекке сіңіріп сызылған таңбалар, үшкіл қаріпті шумер ширатпасы, санскрит бедері, Тараз ешкісінің әппак сақтиянына жазылған жыр шумағы – әр бетін кошқар мүйіз өрнекпен әшекейлеп, алтын буымен аптап, күміс қағымен күптеген кітаптар болды” (Рузбехан, “Записки”, Санкт-Петербург, 1913, стр.17).

Өзінің білек күші, білім зердесімен мысыр елін билеген, жаңадан бел алып келе жатқан мұсылманшылық шанырағының шайқалып кетпеуіне мол-мол еңбегін сіңірген Бейбарыс сұлтан Сирияда кітапхана жанында жерленгені мәлім. “Көзім жұмыла кетсе, пірғауындарға ұқсатып басыма тастан тау үймендер, зәңгілерге ұқсатып от қойып өртемендер, мағараж көсемдерінше кептіріп, келістіріп зәулім кесене орнатпандар, уа, пәруәрдигәр дүние!.. Соңымда калар ұрпак!.. Сүйегімді кісі аяғы көп жүретін жол бойына, ізгілік ниет жетелеп келетін кітапхана жанына жерлесендер жетеді”, – деп аманат қалдырғанын батыр баба туралы деректерден оқып білеміз (“Бейбарыс сұлтан хикаяттары”, М., “Наука”, 1967 г. стр. 407).

Сақ бабаның асыл қазынаға орап қойған мәйіті секілді, қабырғасы зертаспен көмкерілген, қызыл күрен қышпен өрілген, тас төбеде күн сәулесі түсетін, ауа еркін өтетін дөңгелек ойықтары бар, ішкі залы баяғы пірғауындар көрханасындағы қазынаға апаратын иір-қиыр қылуатке ұқсас, қима конус үлгісінде салынған Отырар кітапханасының сұлба суретін қолына шырағдан ұстаған Әнет баба көзімен тарихшы замандасымен келісті-ақ елестетіп шыққаны есімізде. (Д.Досжанов. “Жібек жолы”, роман. Алматы, “Жазушы”, 41-б.)

Шыны сол, орта ғасырдағы Отырар қаласы оғыз-қыпшак даласын көктеп өткен Ұлы Жібек жолының бел ортасында, тізгін түйісер тұсында орнауымен ғана емес, көшпелі қазақтарды отырықшылыққа бейімдеп, үлкен дария жағасына қорған, бекініс, қала салу дәстүріне ұйтқы болуымен де ерекшеленбек. Бір кездегі оғыз-қыпшак мәдениетін сақтап қала отырып, оны батыс пен шығыстан ағылып келіп жатқан кезбелер, саудагерлер, жаушылар, елшілер, ханзадалар, бекзадалар көзіне жарқырата көрсетіп, келе-келе Тұран өркениетінің қалыптасуына баспалдақ қойған биіктегі тәлімді мектеп іспетті елестейді бәзбірде. Ғаббас әл-Жауһари өзінің “Евклидтің Негіздерін кемелдендіру”

деп аталатын математикалық трактатын осы Отырарда жазған. Талай ғұлама шешуін таппай, дәлелдей алмай дал болған математикалық 5-ші постулатты талдауымен ерекше бұл еңбек әйгілі орыс математигі Николай Лобачевскийдің үстелінде жатады екен. Келесі бір ортағасырлық терең ойлы білімпаз Исмаил әл-Жауһари араб тілінде жазған “Тілді түзету кітабы” 1002 жылдар шамасында Отырар кітапханасында жазылғанын жақында ғана анықтап білдік. Демек, Александрия кітапханасынан кейінгі аса бай мұрағат ордасы туралы ой қорытып, ұрпақтар назарына ұсыну – бізге руханият тұғырымызды тағы да биіктетіп, асыл теберігімізді қайыра табумен пара-пар игілікті қадам болар еді.

“Қытай кезбесі Чан-Чунь 1221 жылы Хорезм ұлысына келген сапарында жолай Отырарға соғып өтеді. Кезбе қайтар сапарында қалаға тағы ат ізін салады. Қаланың орталығында аса бай ғажайып кітапхана бар екенін естіп біледі”, – деп жазады В.В.Бартольд (*В.В.Бартольд. “Сочинения”. т. I. М., 1963г. стр.518*).

Ойды ой оятады. Тарих тозаңын үрлеп, ғасырлар көрпесін көтерген сайын көзге неше түрлі ғажайып өрнектер елестейді. Шығыстанушы-ғалым Әбсаттар Дербісәлінің зерттеуіне сүйенсек, осынау мәйегінен майы шыққан нулы, сулы өлке – Отырар жерінде орта ғасыр көлемінде он екі әл-Фараби есімді ғұламалар шоғыры шыққан екен.

Отырар кітапханасы туралы қисынды, қисынсыз аңыз әңгіме әлі күнге мол айтылады. Кейінгі тарихшылар Отырар кітапханасының қалдығы көне қаланың батыс пұшпағында жатқан қала серігі Алтынтөбе астына көміліпті-міс, шөккен түйедей құмдауытты аршып, аударса, табылып қалуы ықтимал деседі. Жергілікті мұражай иесі Жібек жолы керуенімен тең-тең болып түскен кітап қоры түгелдей жойылып кетуі мүмкін емес, түстікке таман шошайып көрінген Көкмардан қорымына көшірілген шығар, қазба жұмысын уақыт ұттырмай сол тұстан бастаймыз деседі: “Отырар туралы әуелі тарихи хикаят, сосын “Жібек жолы” атты роман жазған осы жолдардың авторы баяғыда, жергілікті көнекөз кісілермен кездесу, тілдесу нәтижесін қорытындылап 1965 жылғы қазан айында “Лениншіл жас” (осы күнгі “Жас алаш”) газетінің үш санында “Отырар оттары” атты үш дүркін мақала жазып бастырған еді, сол мақалада Отырартөбе іргесінде борсық тескен терең іннен малшы кісінің іріп тұрған көн кітап тауып алғаны туралы дерек келтірген”. Осы тектес ізденіс ізі көп жазылды, бәрін теріп тізе беру мүмкін емес. Уақыт шіркін жел өтінде жылжыған құмдай сырғанап өте берді. 1968–1988 жылдар аралығында белгілі қазбагер-археолог Кемал Ақышұлының бастауымен Отырар қаласының орталық бөлігі – Хансарай мен цитадель – құм мен күлден

мұқым аршылды. Дәп іргеден Отырар мұражай-қорығы ашылып, тарихи мәні зор мың сан жөдігер жарық дүниеге жарқ етіп қайта көшірілді.

Ендігі бір ауыз сөз – халық көзінен бұлбұл боп ұшқан, зейінді ұрпақ көңіліне армандай болған Отырар кітапханасын қайта қалпына келтіру жолындағы алғашқы қадам туралы.

Шәуілдір тумасы, тарихшы, жүрегінің оты мол зергер ұста, Отырар мұражай-қорығының сақтаушысы, “мұражаймен ауырған адам” – Абдолла Жұмашұлы есімді кісі бар. Бұл кісі ең әуелі көне қаланың орнын қазысуға білек сыбанып қолғабыс етті, қыш құмыра, зергерлік бұйымдар жинады. 1976 жылы қорғанның түстік батысынан құмыра толы қола, мыс тенгелер тауып алғаны тағы таңғаларлық. Осы күнгі археология институтының жанындағы археологиялық мұражайда, Ұлттық банк мұражайында XIV–XVI ғасырда соғылған ондаған мыс тенгелер “Жұмашев қазынасы” деген атпен нумизматика тіркемесіне алынғаны белгілі. Еліміздің бас қазбагері Кемал Ақышұлының қолқанаты бола жүріп, он жыл бойына қазбагерлер қоймасына айналған екі жүз шаршы метрдей қыш үйді арызданып жүріп Отырар мұражай-қорығының иелігіне өткізіп алды. Күндіз-түні мұражай ішінен шықпайтын шырақшыға айналды, әлгі үйге қолжазба, кітап жинауды үрдіс етті. Осы күнгі Отырар мұражайындағы бір заманда Шағатай мен Үкітай ғаскері сүйретіп әкеліп қорған ішіне өртше лапылдаған қимайы атқылаған тасатқыш-катапульттің нобай-нұсқасын бәз баяғы қалпына келтірген осы – Абдолла. Үлкендігі бота сыятындай астық сақтайтын алып құмыраны саз балшықтан илеп келтіріп, сексеуіл шоғына күйдіріп жасаған осы – Абдолла еді. Мұражай сақтаушысы ретінде алатын аз ғана жалақыны қанағат етіп, қолынан сүргісі, қашауы түспей белін бүгіп, тер төгіп еңбек етті. Шаппа-шотпен жиде ағашының көзін ойып жатып, жанарын ашы тер тамшылары жуып кетсе... сол сүмек тердің арғы жағынан ақшағыл құмға оранған, ақ киім киген бабалар аяғынан сабылып кіріп-шығып жатқан Отырар кітапханасы елестейтін... аңызак шілде сағымының арғы пердесінен Әбунәсір әл-Фараби бабасының ақ сәлдесі көлбендейтін... сол сұлба суреттер қос қолтығынан демеп, қуат берді ме, бабалар аруағы желеп-жебеді ме, кім біледі?! Орхон-Енисей каллиграфиясымен маңдайшасына “Даналық үйі” деп жазылған. Шәуілдір ауылының терістік шығысына таман орын тепкен еңселі үйді жолаушының көзі жырақтан шалады. Табалдырығынан аттап ішке енген кісі жиде ағашынан шауып, қиюластырған сәнді сөрелерге қаттап жиған көне кітаптарды көріп, тосын ойға сүріне жығылғандай ерекше әсерге бөленеді. Иә, ақыл азбайды, ой тозбайды. Әлгі кітапхана үйінің шеткі екі бөлмесіне алаш ардагерлерінің ұстаған мүлкі,

заттары қойылған. Әуезовтің Созақ атбегісіне 1959 жылы сыйға берген мылтығы, Мәдәлі жыршының дабылы, Сүгір күйшінің домбырасы, Төлеген Момбекұлының шертпе аспабы, Майлықожаның сиясауыты, Шәді төре Жәңгірұлының көзілдірігі, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының қаламы – бас-басына жеке зерттеуге тұздық болғандай құнды дүниелер. Дамылсыз ізденіс пен із кесулер нәтижесінде қазір осы “Даналық үйінде” ұзын саны 7 мыңның үстінде қолжазба, кітап, ширатпа шежірелер жинақталған. Бір адамның қолынан келген шаруасы осы әзірге. 2001 жылдың басында Абдолла Жұмашұлы Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері марапатын иеленді. Тегінде, төрткүл дүниені кіндігінен тайдырмай ұстап тұрған осы Абдолла секілді тесік өкпе – фанатиктер, бейнетке бола жаратылған негізі таза, діні мықты кісілер болар, сірә!

Кітапханасы жоқ ұрпақ – жарық жалғанда түртінектеген соқыр кісі секілді.

Шындық жүзіне тура қарайтын болсақ, Отырар және Отырар кітапханасы туралы мәселені бүгін ғана көтеріп отырған жоқпыз. Аз ғана естелікке жүгінелік. Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық тойының әуелі Мәскеуде, сосын Санкт-Петербурда дүркіреп өтіп жатқан дүбірлі тұсы еді. Еліміздің түстік өлкесінен, ежелгі Отырар жерінен мұражай-қорық сақтаушысы А.Жұмашев есімді кісіден өз атыма хат келді. Ұмытпасам – 1997 жылғы 12-маусымда болар. Хаттың мазмұны “Отырар мұражайының жанынан баяғы көне кітапхананың сұлба суретін елестетердей етіп кітапхана ашсақ” дегенге саяды. Хатты мұқият қарап, бір тұжырымға келу үшін сол кездегі Мәдениет департаментінің директоры Д.Қасейіновке мен де өз тарапымнан өтініш жасаған болатынымын. Басқа оң пейілді адамдар араласты. Нәтижеде, көп ұзамай алғашқы қадамы ауыр болса да, Отырар мемлекеттік археологиялық мұражай-қорығының қосымша филиалы ретінде Арыстанбаб кешенінің жанынан алғашқы кітапхана ашылып еді.

Көп ұзамай, арада бір-екі ай өткен соң, арнайы іссапармен ежелгі Отырарға ат ізін салдым. Жазық далада тулаған мұхит толқынындай жал-жал болып көне қаланың алып нұсқасы жатыр. Қазбагерлер күрегі тиген орталық Хансарай бейне алып динозаврдың қаңқасына ұқсайды. Қасымда аудан басшылары, сол кездегі мұражай директоры Әуелхан Есжанов бар, көне қаланың орнын аралап келе жаттық. Үлкен биік қорғаннан асып түскенбіз. Күйген қышқа оранып дөнкіген сарайдың суық сұлбасы көлденеңдеді. Кідіріп қалдық. Сол мезетте ашық мінезді, шапшаң сөйлейтін мұражай директоры: “Көріп тұрсыз, қаза түссек, арғы жағынан Хансарай шығар еді, өттең қаражатымыз таусылып, кідіріп қалдық”, – деді. Мен: “Қанша керек?” – деп сұрадым. “400 мың теңге табылса, жетіп

қалар еді”, – деді Есжанов. Көп ұзамай ақшасы таусылып, қаңтарылып қалған қазбагерлерге әлгі атаған сомасын тауып бердім. Қазба жұмысы қайта жалғасты. Сол бір шұғыл шараның нәтижесінде 1405 жылғы қыс айында Әмір Темірдің резиденциясы болған, саңғыраған сары қышқа оранған Бердібек сарайы жарқ етіп ашылды. Сол кездегі тарихшы, қазбагер, зиялы қауымның қуанышында шек болған жоқ!

Қызыл империяның дәуірлеп тұрған тұсында шолақ белсенділер кітапхана, көне кітап көрсе “діннің апиыны” деп жыртып, өртеп, құрта бастағаны баршаға мәлім. Сондай бас ал десе шаш алатын қиын нәубетке бір кездегі Отырар кітапханасының қалдығы болып келген Арыстанбаб кешені де ұшырады. Кешен іргесіндегі Қоғам ауылының көнекөз қариясы Сариев Сақтың айтуынша, сол жылдары кешенге таяу тораңғы, жиде тоғайының ішінде, Бөгенбай көлінің жағасында парактары жыртылып көне кітаптар пырдай болып шашылып жатады екен. Сол заманда ескі оқуы бар, көзі қарақты Оңғарбайұлы Әбусейіт есімді кісі әлгі кітаптардың біразын түнделетіп жүріп жинап алыпты. “Құран Кәрімнен” бастап, “Диуани хикмет”, Хафиз өлеңдерінен бастап жүздеген кітаптарды үйіне әкеліп тығыпты. Әлгі кітаптар “Арыстанбабка” деп жазылып, титулдық беті Садықұлы молда Фахриддин есімді кісінің мөрімен куәландырылған. Көне көз кісілердің айтуынша Садықұлы түстік өңіріндегі әйгілі 20 қажының тарихын жазған ғұлама кісі болыпты.

Көне кітаптардың қырық шақтысы, ішінде ширатпа шежіре, ханның құпия жарғысы бар, біраз дүниелерді Отырар ауданындағы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №4 лицей-интернаттың директоры, Қазақстан оқу ағарту ісінің үздігі, Отырар ауданының құрметті азаматы Қазыхан Серікбаев қазіргі Отырар мұражай-қорығына, оның жанындағы “Даналық үйіне” 1998 жылы тапсырды.

Бұл кітаптардың тарихын Қазыхан Серікбаев былай деп баяндайды: “1930 жылдары құдайсыздар нәубеті кезінде әкемнің ағасы – Әбусейіт Оңғарбайұлы көзінің қарашығындай сақтап жүріп, заман түзелген кезде Арыстанбаб кешеніне қайыра тапсырарсыңдар”, – деп өзіне аманаттап кетіпті. Шежіреге жүгінсе, Әбусейіт Оңғарбайұлы 1989 жылы осы ауданның Әметбек ауылында дүниеден өткен. Бұхара медресесін бітірген көзі ашық ғұлама кісі болған. Өмірден өтерінен біраз бұрын баласы мен келінін шақырып алып: “Мен өлген соң, бір сандық кітапты қожа-молдаға таратып беріп жібермеңдер. Бұл – Арыстанбабтың кітаптары. Тек қана атымды атап, Арыстанбабтың киесін алдына салып келген жібі түзу кісіге ғана тапсырыңдар”, – деп аманаттап кетіпті жарықтық”.

Кітаптардың бір парасын Арыстанбаб кешенінің бас ұстасы Мүсәпірұлы Қалмырза есімді кісі жылдар бойы жасырып сақтап келіпті. Ташкент шаһарында тұратын Қалмырзаның зайыбы Сара әжеміздің айтуынша ері қайтыс боларынан бір жыл бұрын, яғни 1960 жылы Рахымжан деген баласын үйінің маңындағы мазарға ертіп барып, көзінің тірісінде өзіне кең етіп қабір қаздырады. Соған үйіндегі мол ескі кітаптарды үш қаппен қаптап алып келіп, әлгі қабірдің бас жағына – астына ақ мата жайып жайғастырады, қабірдің бетін уақытша жаптырып қояды. Содан соң құран оқып, баласына былай деп өсиет айтыпты: “Балам, мен өлген соң, бұл кітаптардың қасиетін ешкім де оқып-білмес, обал-сауабына қалармын, аяқ асты етпей, о дүниеге өзіммен бірге ала кетейін, кітаптардың қасына мәйітімді қойыңдар”, – деген екен. Қарт 1961 жылы 12-қаңтарда ораза айында қайтыс болды. Ал әлгі кітаптарды қайтару жайын өлі ешкім ойластыра қойған жоқ.

Осы орайда еліміздегі түрлі мекемелерде, жеке отбасында, кітапқұмар кісілерде сақталып келген көне кітаптарды жинастыруды бүгіннен бастап қолға алған ләзім. Ол үшін “Отырар кітапханасын қайта қалпына келтіру” атты беделді кісілердің қауымдасуымен Мемлекеттік комиссия құрылуы керек. Бұл комиссия, яғни сарапшылар алқасы, жер-жерден, ел-елден келіп түскен кітаптардың құнын шығарып, бағалап, тізімге алып, олардың жоғалып кетпеуін үнемі бақылап отыруы керек.

Дүние жүзінің зиялы қауымы баяғы Александрия кітапханасының жоғалған жұрнағын іздеп, тірнектеп жүріп қалпына келтіреміз, руханият ордасының отын үрлеп қайыра жандырамыз деп бір атаның баласындай жұмылу үстінде. Қомақты қаржы көзін тауып, әр елдің мұражайына шашылып кеткен нешеме ғажайып жазба тарихтың соңынан сұрау салып, шам алып түскен жанкешті кісілер табылып жатыр. Үлгі алуға тұрарлық ұлағатты іс осы!

Елдің атын шығарамын десең – ең әуелі ел-елдегі, жер-жердегі кітапханаға көңіл бөлейік. Кітапхана – халықтың жады, есте сақтау қабілеті. Шыны керек, ұмытшақ ұрпақ болғымыз келмейді. Енді іздейтініміз – баяғы дүниеге мәшһүр Отырар кітапханасының үшінші мыңжылдыққа жеткен сұлбасы, ізі, көші, рухы. Келешекте қалпына келеді, ғажайып білім ордасына айналады деп үміттеніңіз. Үмітсіз – сайтан ісі. Алып кітаптың ғасырлар лебі сіңген әжімді сарғыш бетін ыждағатпен парақтап ашатын, жоғалып, адасуға айналған нұсқалы рухымызбен қайта табысатын, адамзаттың руханият көшіне – қазақ ұлысы деп аталатын – өз керуенін қаздай тізіп қайыра қосатын шуақты күннің алыс қалмағанына сенелік. Сенім бар жерде құлшыныс, ұмтылыс болмақ!

Арғы-бергі тарихқа ой жүгіртіп, ақылға салып таразылайтын болсақ, төмендегі ойға табан тірейміз. Біріншіден, үшінші мыңжылдық басында есігін қайта ашатын Отырар кітапханасы тәуелсіз еліміздің кіндік ортасы, ел ордасы – Астана қаласында ашылғаны жөн болды. Ал Отырардағы Арыстанбаб кесені жанынан салынған Отырар кітапханасы бөлімшелік қызметін атқара берсін. Бірақ оған тағы бірнеше бөлме қосып кеңейткен дұрыс. Астанадағы Отырар кітапханасы Сарыарканың төсіндегі сәнді қаланың көркіне көрік қосатындай ғажайып еңселі, көнелік лебі, жаңалық желі қосыла ескен, нобай нұсқасы, сәулеті бәз-баяғы Отырардың Күмбез сарайын елестетердей қалыпта қайта салынғаны ләзім. Үшіншіден, бұл кітапхана еліміздің ұлы ниет жетегіндегі келешегіне, он ісіне өз үлесін қосқысы келетін жас ұрпақтың білім ордасы – Еуразия университетінің жанынан бой көтергені жөн деп білеміз.

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзімен айтсақ: жас ұрпақты ұлы мақсат, биік мұраттар межесіне осы қазірден бағыттай білуіміз қажет. Отырар кітапханасы сол мақсаттың магниті, ұйтқысы. Дүние жүзінің зиялы қауымына әйгілі Оксфорд университетінің кітапханасы, Джон Кларк Гувер атындағы мұрағат қоры, Конгресс кітапханасы, мына біздің қиялымызда ғана елестетіп көретін білім ошақтары болып келді. Сол қиялды қияннан осынау тірі өмірге иіп әкеліп, тірнектеп жинап, өз төрімізде іске асыратын сын кезең осы болар.

Ортақ істің мәні: кімде көн кітап, мәні зор қолжазба, көз сүрінтіп, көңіл тоқтатар тасқа басылған тірі сөз болса, бабалардың уәлі қолтанбасы табылса – Астанада Еуразия университетінің жанынан ашылар Отырар кітапханасына әкеліп тапсыралық деп біздер дәйім үн көтеріміз. Шаршауды білмейтін, ғылым-білімнің соңына түскен көзі ашық ғалымдарымыз іске кіріссін. Мың-сан оқырман қауым ізге түссін, отбасылық кітап қорынан бөліссін. Есте жоқ ескі мезгілде ел-елдің есті кісісін таңқалдырған Отырар кітапханасын енді аз жылда қалпына келтіруге жұмыла күш жұмсайық, ағайын. Үшінші мыңжылдық табалдырығынан тәуелсіз Қазақстанның сан ғасырлық тарихы бар іргетасы қайтадан қалана бастаған Отырар кітапханасының ашылу қуанышымен аттауға жазсын біздерді. Еуразия кіндігінде адамзат рухын биіктетер ең ізгі ниеттер тоғысар тұста – күндіз қолына шам алып жүріп жұртқа ақылдан, ойдан шүлен таратқан зиялы софы бабаларға ұқсалық!